



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

4 шілде
сейсенбі
№53 (1960)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЕЛ МЕРЕЙІ – АСТАНА

МҰНАЙ ТАСЫМАЛЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖОЛ

Дәл қазір Қазақстан мұнайы шетелге Ресей арқылы тасымалданып жатыр. Негізгі жол – Каспий құбыр консорциумы. Бірақ Ресей тарапын тек жылы Қазақстанның мұнай тасымалындағы құбырлы жолын бірнеше рет жапқан болатын. Мамандар сол сәтте-ақ дабыл қағып, ел экономикасына едәуір шығын келетінін айтқан. Себебі экспортталатын ел мұнайының 80 пайызы осы бағыт арқылы шығарылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ мұнайының тасымалы үшін баламалы жаңа жол табу керектігін назарға алған.



Баламалы жол не үшін керек?

Мәселенің мәнісіне үңілмес бұрын Каспий құбыр консорциумы деген не, соған түсінік берейік. 1998 жылы шыққан ұлттық энциклопедияда бұл консорциумды Қазақстанның Теңіз және басқа мұнай кеніштерінен Қара теңіз жағалауындағы Новороссийск қаласына дейін шикі мұнай тасымалдау үшін мұнай құбырын салу

мақсатымен 1992 жылы Ресей, Қазақстан және Оман мемлекеттерінің компаниялары құрғаны айтылған. 1996 жылы желтоқсанда консорциумның құрылымын өзгерту туралы келісімге қол қойылды. Ол бойынша консорциум капиталының 50%-ы дүние жүзінің мұнай өндіруші алғашқы он ірі компаниясының құрамына кіретін халықаралық компаниялардың қолына көшті.

2 БЕТТЕ



Расында, мерзім ішінде елорданың заманауи мегаполиске, мемлекеттің бар саласына оң әсер етуші қоғамдық-саяси орталыққа айналғанына куә болдық. Астананың Қазақстанның бас қаласына айналуды тарихи күрделі өзгеріс пен қызыққа толы. Тіпті бұл қадам ел болашағын түбегейлі өзгертті десек, артық айтқандық емес.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары республика астанасын Алматыдан басқа өңірге, оның ішінде орталыққа көшіру туралы айтыла бастады. Нәтижесінде 1994 жылғы 6 шілде күні Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің астананы Алматыдан Ақмолаға ауыстыру туралы шешім-қаулысы қабылданды. Елорданы көшіру геосаяси, экономикалық және экологиялық себептен туған қадам екені сан мәрте дәлелденді. Бүгінде бұл шешімнің дұрыс болғандығына ешкім де күмән келтіріп, дауласпайды.

Ел Тәуелсіздігін алып, еңсе тіктегенде жаңа саяси стратегия, өзге бағытты таңдауға тура келгені анық. Егемендікке қол жеткізгенде қабылданған ең елеулі шешім осылайша бастау алды. Яғни, 1997 жылы елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім шықты. Соған орай Ақмолаға қарай ресми көштің басы 1997 жылдың күзіне қарай басталды. Сол жылдың 8 қарашасында ҚР-ның Мемлекеттік рәміздері мен Президент байрағы Ақмола қаласына жеткізілді. 1998 жылы 6 мамырда Астана атауы ресми түрде бекітілсе, 10 маусымда жас астананың тұсаукесері халықаралық деңгейде өткізілді.

4 БЕТТЕ



Бүгінгі біздің бағытымыз – Қосшыңырау ауылдық округінің орталығы саналатын Абай ауылы. Орайы келгенде айта кетелік, «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы негізінде қалаға қарайтын ауылдардың тыныс-тіршілігін жазуды дәстүрге айналдырдық. Мақсатымыз – ауылдың тіршілігін көзбен көріп, көңілге түйе, шынайы ауылдың бейнесін сол қалпында оқырманға жеткізу.

Болашағы болымды ауыл

Көнекөз ауыл карттарының айтуынша, 1952 жылы Интернационал, Казрис, Жыңғылды көл, Абай колхоздары бірігіп, Интернационал ауылдық советі, орталығы Абай колхозы болып құрылыпты. 1997 жылға дейін Сырдария ауданының құрамында болып, егін, мал шаруашылығымен айналысқан. 1997 жылдан бастап Қызылорда қаласына қарасты Қосшыңырау ауылдық округі болып бекітілген. Абай ауылында дүрілдеп тұрған өндіріс орны, селт еткізер серпінді жоба болмаса да кәсіпкер азаматтар

ауылды көркейтуге атсалысқан. Ауылдағы аялдама, мешіт, тіпті мектеп ішіне жетхана салу да ауыл кәсіпкерлерінің қолдауымен жүзеге асқан. «Ауылдан көріп азаматын таны» деген тәмісіл осындайда айтылса керек.

Қосшыңырау ауылдық округінде 3643 адам тіршілік етеді. Мұнда мал шаруашылығымен айналысатындар көп екендігі байқалады. Осы ауылдың орталығына табан тірегенше жол бойында құланды бие, сиыр, жылқылар ауылдың берекесін кіргізіп, көкке таятпап жайылып жүрді. «Малдың беті жарық...» деп Абай атамыз айтқандай, тап-тұйнақтай ауылда береке бары сезіледі. Ауылға кіре берісеті Досан елді мекеніндегі 5 көшеге асфальт төселмекші. Биылғы бөлінген қаржы елді мекеннің түнгі жарығын орнатуға және Д.Елеусінов көшесіне жаяу жүргінші жолын салуға бағытталыпты. Сонымен қатар осы елді мекендегі 10 көшеге қиыршық тас төсеу, медициналық бекет салу жоспарланыпты. Бүгінде Абай мен Досан ауылдарын газдандыру жұмысы басталған. Құрылыс-монтаж жұмысын осы жылдың қазан айында аяқтау межеленген.

3 БЕТТЕ

Облыс орталығында жылдағы дәстүрмен «Қазақстанның үздік тауары – 2023» жергілікті тауарөндірушілердің көрмесі өтті. Айдыңды Аралдан қарт Қаратауға дейін кәсіпке бет бұрған ағайын көрмеге қатысып, өз өнімін елге көрсетуге жиналыпты. Жалпы, мұндай көрме бір саланың деңгейін байқатағыны белгілі. Яғни тауарөндірушілер көрмесі арқылы Сыр бойындағы кәсіпкерліктің жайын бағамдауға болады. Биыл көрмеге барлығы 87 кәсіпкер қатысса, оның 23-і «Бір ауыл – Бір өнім» жобасы аясында өнім өндірушілер екен.



КӨРМЕ: өнім өндіруге бет бұрдық

Қамысты алтынмен тең деп кім ойлаған...

Бұл жолғы көрмеде ең алдымен көзге түскені қамысты кәсіпке айналдырғандар болды. Жас отбасы Аябергеновтер «Азия қамыш» ЖШС-ін құрып, бүгінде Сырдың қамысын шетелдіктерге жеткізуде. Қазалы ауданының Кәукей ауылының тұрғыны 2021 жылдан бері қамысты кәсіпке айналдырып келеді. Шынында, қамыстың қадірін біз білмегенмен, басқалар біледі екен. Қайбір жылы қамысты экспортқа шығару жайы айтылғанмен, оның нәтижесі белгісіз болып қалған еді. Енді міне, қамысты кәсіп еткендерді кездестірдік. Бір қызығы, көрмеде самсаған қанша өнім болса да, келушілер ең алдымен қамыс иесінің жанына үйіріле қалады.

Үйдің төбесін қамыспен жабуға болатынын мақет арқылы түсіндіруге келген кәсіпкердің өңгімесі қызықтырды ма, әлде даллада есепсіз өскен өсімдіктен пайда табуға болатынына қызықты ма, әйтеуір елдің бәрі кәсіпкердің аузына қарап қалыпты. Кәсіпкердің айтуынша, шетелдіктер, мәселен, Германияда қамыс үйдің төбесін жабуға, яғни шатыр орнына пайдаланады екен. Біле білгенге қамыс қауіпсіз, экологиялық таза өнім, денсаулыққа пайдалы. «Шырпы тисе, лап ете қалмай ма?» деген сұрақ әркімнің көкейінде сайрап тұр. Мұны байқаған кәсіпкер Райысбек Аябергенов смартфондағы бейнежазбадан қамыс шатырға шырпы тигізе, өртенбегенін көрсетіп жатыр. Яғни, тығыз жабылған қамыс арасына ауа өтпегендіктен өртенбейді екен.

4 БЕТТЕ



ҚАЛА ЖӘНЕ АДАМДАР

Велосипед тізгіндеген мейіргер

Мен алғаш Гүлсананы тик-токтан көрдім. Велосипедпен Әл Фарабиден Тасбөгеттегі №4 емханаға қатынаймын дегенін естідім. Ертеңіне азанмен дереу Тасбөгеттегі №4 емханаға бардым. Анықтама бөлімінен Гүлсананы сұрап едім, екінші қабатта деді. Осылайша велосипедті тізгіндеген мейірімді мейіргер Гүлсана Сағындықовамен жолығудың сәті түсті. Ақжарқын, ашық мінезді мейіргер өзі жайлы бірталай ақпарат беріп үлгерді. Кейіпкеріміз бұрын Тасбөгетте тұрыпты. Өзінің еңбек жолын №4 емханада бастапты. Ол №12

аймақ мейіргері болып жұмыс жасағалы да 15 жыл өтіпті. Соның 10 жылында жұмысқа да, өзіне бекітілген науқастарға да велосипедпен қатынайды екен. Тек қыстың көзі қырауда ғана қоғамдық көлікке мініеді. Күн жылынғаннан велосипед оның жан серігіне айналған. Алғашында жұрт таңырқай қарағанмен кейін көздері үйрене бастаған. Алғаш ескі велосипед айданпты. Жақында деректік демалыстан жұмысқа шыққаннан кейін бірінші айлығына 80 мыңға жаңа велосипед алыпты.

2 БЕТТЕ

МҰНАЙ ТАСЫМАЛЫНДАҒЫ ЖАҢА ЖОЛ

Қолда бар ақпарат көздеріне сүйенсек, 2018 жылы КҚК-ның Новороссийск портындағы теңіз терминалынан жөнелтілген барлық мұнайдың 54,3 млн тоннасы казахстандық кен орындарында өндірілгені айтылған. Сол уақытта мұнайдың ең үлкен көлемі Теңізден – 28,7 млн тонна, Қашағаннан – 13,2 млн тонна және Қарашағаннан 10,3 млн тонна түсеті. КҚК арқылы Қазақстанның

айтылды. Яғни бес айда үш рет мұнай тасымалын тоқтатқан. КҚК іске қосылғалы 20 жыл өтті десек, содан бері бұл желі арқылы мұнай тасымалы бірде бір рет тоқтамаған көрінеді. Алайда өткен жылы бұл байламды бұзуға түрлі себеп табылған. Нақтырақ айтсақ, 2022 жылдың наурыз айында КҚК-ның Новороссийск портындағы екі аймақтық қондырғысы істен шыққанда Ресей Қара теңіздегі күшті

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөнінде кеңес өткізіп, бұл саланың экономикада ерекше рөл атқаратынын атап өтті. Сондай-ақ Президент Қазақстан теңіз арқылы тасымалдау әлеуетін толық пайдаланбағанын назарға салды. «Қазір заман басқа. Үкіметке порттарымызды Каспий теңізінің жетекші хабтарының біріне айналдыра отырып, трансформациялау жөнінде

үздіксіз шығарылуын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Мемлекет басшысы еліміздің Орталық Азиядағы қосбасшылығын сақтап, Қазақстанды сенімді транзиттік хаб ретінде дамыту керек екенін айтты. Осы мақсатта балама теміржол бағыттарын қалыптастыру қажет. Бұл жерде Достық – Мойынты, Бакты – Аягөз, Мақтаарал – Дарбаза жобаларын жүзеге асыру, Алматы қаласын айналып өтетін теміржол желісін салу жөнінде сөз болып отыр.

Президент бастамасы жүзеге асып, биыл Қазақстан мұнайын Әзербайжан арқылы тасымалдау басталды. turkystan.kz жариялаған ақпаратқа сүйенсек, осы жылдың 20 наурызында Қашаған кен орнынан шыққан 6 900 мың тонна мұнай Ақтау портынан Баку портына жөнелтілген. «ҚазТрансОйл» бұл сынақ үшін жіберілген жөнелтілім екенін әрі сынақтың сәтті аяқталғанын мәлім етті. «Әзербайжан Каспий теңіз пароходының» (ASCO) ресми сайтында да мұнайдың жеткізілінін растайтын мәлімет жарияланды. Баку портына жеткізілген мұнай әрі қарай «Баку-Тбилиси-Жейхан» құбырына құйылады.

Біз жаңа бағыт деп отырған «Баку-Тбилиси-Жейхан» құбырының ұзындығы – 1768 шақырымды құрайды. Әзербайжан, Грузия және Түркияның аумағы арқылы өтеді. Мамандар жаңа бағыттың өткізу қуатын жылына 50 миллион тоннаға есептеп отыр. Бұл мұнай құбыр желісі Каспий мұнайын Түркияның Жерорта теңізінің жағалауындағы Жейхан портына жеткізеді.

Қазірдің өзінде Қазақстан мұнайының басым бөлігі Каспий құбыр консорциумы арқылы тасымалданып отырғанын ұмытуға болмайды. Бұл жол әлі талай жыл қызмет етуі де ғажап емес. Бірақ жаңа бағыттың да өзіндік ерекшелігі бар. Жаңа бағыттың Ресейді айналып өтуге мүмкіндік беретін кадам екенін айта кеткен жөн. Өйткені бір ғана тасымал жолына байланып, көршіге телмірмейміз. Екіншіден, әлемдегі геосаяси жағдайдың тұрақсыздығын ескерсек, тауар тасымалындағы баламалы жолдар ауадай қажет. Үшіншіден, әртараптандыруға бағытталған жол нәтижесін бермей қоймайды. Демек, Республика Президенті ұсынған жолдың келешегі де кемел деген сөз.

стратегиялық міндет жүктеді. Теңіз флотын нығайтып, Ақтау портында контейнерлік хаб құру қажет деген ұсыныспен толық келісемін», – деген Мемлекет басшысы Транскаспий бағдарын да сөз етті.

– Транскаспий бағдары басым бағыт саналады. «ҚазМұнайГазға» оны жүзеге асырудың онтайлы нұсқасын, соның ішінде Теңіз жобасының инвесторларын тарту мүмкіндігін пысықтауды тапсырамын. Үкімет «Самұрық-Қазынамен» бірлесіп, Атырау – Кеңкияк және Кеңкияк – Құмкөл мұнай құбырларының қуатын арттыру жөнінде шаралар қабылдауы қажет, – деді Президент.

Президенттің пікірінше, отандық өнімнің экспортқа қауіпсіз әрі



барлық экспорттық мұнайдың үштен екі бөлігі тасымалданады. Бір сөзбен айтқанда, Каспий құбыр консорциумы Ресей аумағы арқылы казахстандық мұнайды экспорттау және құбыр құрылысы үшін құрылған. КҚК қашықтығы 1511 шақырымды құрайтын «Теңіз-Новороссийск» мұнай құбырына ие. Ол Қазақстанның батысындағы кен орындарды Ресейдегі Қара теңіз жағалауымен байланыстырады.

Өткен жылы «Қазақстан» ұлттық ариасның ақпараттық-сараптамалық «Апта» бағдарламасында Ресейдің Каспий құбыр консорциумы жөнінде жыл басынан бері үш рет жапқаны

дауыл себеп болғанын айтып, мұнай тасымалын тоқтатқан. Ал одан кейін теңіз түбінен аса қауіпті жарылғыш заттар анықталғандықтан солтүстіктегі көршіміз тағы да сол қадамаға барды. Үшінші рет құжаттардан кілтпін тапқанға ұқсайды. Новороссийск қаласының Приморск аудандық соты КҚК жұмысын бір айға тоқтату туралы шешім шығарған. Міне, бес айда үш рет мұнай жолын жапқан соң Ресейден басқа жол іздеуге тура келді.

Президент ұсынған жол

Өткен жылы Ресей қазақ мұнайының тасымал жолын қайта-қайта жаба берген соң Мемлекет басшысы

Басы 1-бетте

Велосипед тізіндеген мейіргер

Біздің «қаржы үнемдеп жүрсіз бе?» деген сауалымызға ол былайша жауап берді.

– Қоғамдық көлікпен жүрсең бір күнде екі автобуска мініп, шығындалатынымды ойладым. Неге мен сол үнемделген ақшаға үйіме керек зат алмаймын, одан да жанар май мен жүргізуші куәлігін талап етпейтін осы екі дөңгелекті көлікпен қатынаймын дедім. Бұл жерде қаржы ғана маңызды емес, денсаулығымды да жөндеймін. Менде артық салмақ деген болмайды. Декреттік демалыста отырып 75 келіге көтерілген салмағымды 2 ай велосипедпен жүріп 63 келіге түсірдім. Үйімнен жұмысқа таңғы сағат 6-да шықсам 6-55-те емханада боламын. Жалпы қимыл-қозғалыс қан айналымын жақсартады. Адамға сергектік пен күш қайрат береді. Қазір 36 жастамын. Өмірге құштар позитивті адаммын. Айлығымнан үнемдеп үйімді де жөндеп жатырмын. Ертең балаларым өскенше жас кезімде бәрін реттесем, өзім зейнетке шыққанда рахаттанып отырмаймын ба? Құдайға шүкір 2 қыз, 2 ұлым бар. Олардың қажетін өтеп отырмыз. Жолдасым да жұмыс істейді. Ақшаны үнемдеп орныммен жұмсасам, судай ағып кетеді. Қайда жұмсағаныңды білмей басың катады. Шариғатта да суды да жалмай кез келген нәрсені үнемде дейміз ғой. Менің жеке көлік алуға да қаржым жетеді. Бірақ денсаулықты ойлау керек. Қырыққа жақындап қалдым. Қозғалыс өмір ғой. Ағысы жоқ су иістеніп қолқаны қабады. Сол сияқты адам да көп қимылдамаса тамырмен қан баяу ағып, қоюланса адамды дертке ұшыратады. Дерттің алдын алу үшін спортпен серік болу керек. Мен тұрғындарға да осындай кеңес беремін. Өз аймағымды велосипедпен аралаймын. Жаюу аралау қиын ғой. Оның үстіне жұмыстағы 1 жылғы жоспарымды велосипедтің арқасында 5 айда орындап тастадым, – дейді мейіргер Гүлсана Темірланқызы.

Басы 1-бетте

Емханада Гүлсанамен сөйлесу барысында мейіргерге бірнеше емделуші келді. Сәті түсіп тұр ғой деп солардан пікір сұрадым.

Пернекул Рүстемова, Абай көшесі 156 үй тұрғыны:

– Мен Тасбөгет тұрғынымын. Жас ұлғайған соң түрлі аурулар мазанды алады екен. Сол кезде ақ халаттыларға сенім артып, еміне жүгінесін. Гүлсана алдымыздан жадырап шығып, жылы сөз айтқанда өзіңді сергек сезіне бастайсың. Жақсы сөз, жылы қабақ дәрігердің бірінші қаруы болу керек қой. Үйге шақырып, көріп кетші десек Гүлсана дереу велосипедімен зыр етіп келіп, қасыңнан табылады. Айналайын, бір мың болғыр, елгезек жан.

Сәбит Рахметов, Абай көшесі 180 үй тұрғыны:

– Гүлсана біздің мейіргеріміз. Адамдар мен жылы сөйлеседі. Бұл емханада жұмыс істегеніне де біраз уақыт болды. Отбасымыздың үлкен-кішісін танып, халіңді сұрап, көңіліңді көтеріп кетеді. Мейіргер деген атына сай мейірімді, ақкөңіл жан. Велосипедті жедел жәрдем қылып, шақырсаң, лезде жаныңнан табылады. Қазіргідей жылулық аз өмірде сондай мейірімді адамдар көп болса ғой шіркін! Әсіресе ақ халаттылардың мейірімі үлкен кісілерге, науқас жандарға ауадай қажет.

Біздің кейіпкеріміз Гүлсана биылғы медицина өкілдерінің төл мерекесінде №4 емхананың Алғыс хаты және қаржылай сыйлығымен марапатталды.

Қазақ «Қоляма жұмыс бергенің, жаньма тыныс бергенің» деген тәмсіл бар. Қалаған мамандығын жанына тыныс еткен мейіргерден үйренер, үлгі етер қасиет көп екенін аңғардық. Осылайша велосипед тізіндеген мейіргер Гүлсана Сағндықова тасбөгеттіктердің ыстық ықыласы мен алғысына бөленіп отыр.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Ерекше бала неге көбейді?



Бүгінде 50 орынды камтитын оңалту бөлімі заман талабына сай жабдықталған. Сондай-ақ жататын орны, ойнату кабинеті, бассейн тағы да басқа ортопедиялық орын, физиология емі баланың жағдайына ыңғайлы етіп жасалған. Орталықта психолог, логопед, невролог мамандары жұмыс істейді.

Қызылорда облыстық балалар ауруханасындағы балалар оңалту бөлімі «Қамқорлық» орталығына қарайды.

Аталған бөлімде сал ауруы мен мүгедектікті емдеп ғана қоймай, отадан кейін ауыр жаракат алғанда, жүйке жүйесі зақымданған баланы да емдейді.

Ерекше балалармен жұмыс жасайтын дәрігер Дана Болатова жұмыс барысы туралы айтты.

– Жалпы, оңалту бөліміне келетін балалардың 70%-ы сөйлей алмайды. Бұл басқа бөлімдегі жедел жәрдеммен келетін аурулар қатарынан емес, мұндағы бала портал, квота арқылы келеді. Бір мезгілде шамамен 50-60 баланы қабылдаймыз. Науқас баланың жағдайын сала мамандарымен бірге

ортаға салып, ем тағайындалады. Осылайша, ауру сатысына қарай дәрігерлер невролог, логопед, дефектолог, психолог 10 күн ішіндегі емдеуден кейін орталыққа келгендердің 90 пайызы жақсы нәтиже көрсеткенін байқап жүрміз. Тіпті мүгедектігінен сауыққан балалар да болды. Кейде кеш нәтиже берген сәтте бала екінші рет ем қабылдауға келеді. Бір айта кетерлігі, баланың денсаулығының жақсаруы ата-анаға да байланысты – дейді дәрігер Дана Болатқызы.

Бүгінде 50 орынды камтитын оңалту бөлімі заман талабына сай жабдықталған. Сондай-ақ жататын орны, ойнату кабинеті, бассейн тағы да басқа ортопедиялық орын, физиология емі баланың жағдайына ыңғайлы етіп жасалған. Орталықта психолог, логопед, невролог мамандары жұмыс істейді.

– Оңалту орталығында жұмыс істеу оңай емес. Біз екі адамға жауаптымыз. Бірі

бала, екінші ата-ана. Мен үшін әр баланың қылығы тәтті. Мен де анамын, ата-ананың жағдайын түсінемін, балаларды жақсы көремін, сол баланың сауығып кетуі үшін қолымнан келгенін аянбаймын. Ата-ана баласының жазылатынына сенімді болуы тиіс. Егер бала менен қорқып тұрса, ол кезде ата-ананың бізге сенімі болмайды. Сенім болмаған жерде балаға да ем қонбайды, – деді невролог Дана Болатова.

Дәрігердің айтуынша, соңғы жылдары статистика бойынша елімізде мүмкіндігі шектеулі бала саны артқанын айтады.

Мұның бір себебі отбасындағы көңіл-күйге де байланысты екен. Қазір ажырасудың көбеюі дүниеге келетін сәби денсаулығына да ерекше әсер ететінін айтады. Демек, отбасын құрған жастар, яғни болашақ ата-аналар дені сау баланың дүниеге келуіне жауапты екенін ұмытпауы тиіс.

Нәзира МҰҚАТАЕВА



ДОМБЫРА КҮНІ ҚАЛАЙ ТОЙЛАНДЫ?

Ұлттық домбыра күніне орай тұңғыш Президент саябағында «Күмбірле, қоныр домбыра!» атты гала-концерті өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Балмерей Сансызбайұлы қатысты. Шараға қатысқан барша өнер шеберлері мен көрерменді қазақтың ұлттық құндылығының бірі – қасиетті домбыра күнімен құттықтады.



Сондай-ақ Сыр өңірінде қасиетті домбыра күніне орай түрлі іс-шаралар өткізілді. Ұлттық құндылықтарымыздың бірі – қасиетті кара домбыраны дәріптеу мақсатында облыс аймағындағы аудан орталығы мен ауылдарда түрлі мәдени шара, көрме, көпшілік жиындар мен кештер ұйымдастырылды.

Мерекелік шара қалалық мәдени және демалыс паркінде «Ұлттың үні домбыра» атты шарамен жалғасын тапты. Жыл сайын шілденің алғашқы жексенбісіне доп келетін, ұлттық аспабымызға арналған мереке 2018 жылдан бері кеңінен аталып өтеді. Салтанатты шараға қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов қатысып, көрермендер мен өнер адамдарын қасиетті домбыра күнімен құттықтады.

Сондай-ақ бүкіл әлем мойындаған қасиетті домбырамызды насихаттау мақсатында, қалаға жақын орналасқан кент және ауылдық округтерде түрлі іс-



шаралар өткізілді. Аталған шара бойынша талантты өнерпаздарды табу үшін «Ел іші – өнер кеніші» атты байқауы өтіп, көрерменге керемет көңіл күй сыйлады.

Байқау қорытындысы бойынша, «Шабты» номинациясымен сазгер, Қараөзек ауылдық клубының директоры Айдос Байқенов, «Үздік қойылмы» номинациясымен Қарауылтөбе ауылдық клубы, «Үкілі үміт» номинациясымен Ақсуат мәдениет үйінің «Дәстүрлі ән-жыр» үйірмесі, «Үздік би тобы» номинациясымен Ақжарма мәдениет үйінің «Жұлдыз» би тобы, «Дарын» номинациясымен Абай ауылдық мәдениет үйінен Ізбасар Ақимов марапатталды.

Жеңімпаздарға қала әкімінің арнайы алғыс хатымен сыйлығы табыстылды. Мерекелік шарада үздік өнер көрсеткен өнерпаздар елдің қошеметіне бөленді.

Ақмешіт ақпарат

АЛТЫН БЕСІК

АУЫЛ – ӨРКЕНИЕТ ӨЛШЕМІ, ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ

Кәсіп түбі – береке

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – ел экономикасын ілгерілетудің ең негізгі тетігінің бірі. Мемлекет тарапынан жаппай кәсіпкерлікті дамыту мақсатында тиімді мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылуда. Бұл ауылды көркейтін, әлеуетін арттырып, жұмыссыздықты жоюға он есерін бермек.

Бүгінде ауылдық округте 213 шағын кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Биылдың өзінде 13 кәсіп иесі тіркеліп, 14 жаңа жұмыс орны ашылған. Былтырғы жылмен салыстырғанда кәсіптен нәсіп

Ауыл әкімі Сейдуәлі Әбдіқадыровтың айтуынша, Абай ауылындағы сиыр фермасы жер телімінің жол құрылысына, ауысумен қамту жұмысына жоба сметалық құжатының сараптамасы дайындалған.

– Досан ауылындағы көшелерге жарық бағанын орнату үшін, Абай ауылына балалар ойын алаңын салу үшін жоба-сметалық құжаты дайындалып, сараптама қорытындысы әзірленген. «Дарбас», «Аргын» бейіттерін қоршау жұмысының жоба-сметалық құжаты дайындалған. Абай ауылындағы Махамбетов пен Шоқатай көшесіне және Досан ауылындағы Д.Елеусінов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін, Абай ауылына кіреберіс жол мен Досан елді мекеніндегі бірнеше көшеге жарық бағанын орнату үшін жоба-сметалық құжаты әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы сұратылуда. Абай ауылындағы сиыр фермасы жер теліміне ауысу құбырын жүргізу жобасы жүзеге аспақ. Бұл жобаның құны 81,1 млн теңгені құрайды. Аталған жобаларға қалалық құрылыс бөлімі арқылы облыстық энергетикалық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған, – дейді ауыл әкімі.

– Көпбалалы шаңырақта тәрбие алған сәби бір-біріне бауырмал келеді. «Әйелдің бақыты – баласында» дейді емес пе. Маған сәбидің сыңғырлаған күлкісі қуаныш сыйлайды. Мен де құдай қаласа 15 баланы дүниеге әкелген батыр ана Нағима Аймағанбетованың жолын қуамын, – дейді ол.

Шын мәнінде, отбасында барды қанағат етіп, ерін піріндей көретін бұрымдылар азайып бара жатыр. Он бір баланы дүниеге әкелген Надежда әйел бақытына лайық жан. Отағасы Бауыржан екеуі шаңырақ көтерген күннен балалы үйдің базарлы екенін ұғына білді.

Дені саудың – жаны сау

Қосшыңырау ауылдық округінің халқы облыс орталығындағы №6 емханаға қаралады. Дегенмен елді мекенде алғашқы жәрдемді көрсететін дәрігерлік амбулатория бар. Емдеу орнына барып, дәрігермен аз-кем тілдестік.

– Біз алғашқы көмекті көрсетеміз. Балалардың қызуы көтеріліп, аяқасты болған шақыртуға өзін барамын. Ал күрделі жағдай болса «Жедел жәрдем» келеді. Негізінен «Жедел жәрдем» Қарауылтөбе, Досан, Қосшыңырау ауылдық округтеріне арналған. Науқастың сырқатына қарай дәрі-дәрмегін жазып беремін. Күндізгі стационарда уақытылы келіп, ем қабылдап жатқан тұрғындар бар. Одан бөлек, қаладағы №6 емханаға жолдама беремін. Сол жақтан тиісті дәрігерге көрінеді. Ауыл тұрғындары тегін дәріні дер кезінде алуға мүмкіндік бар, – деді аймақтық дәрігер Ақерке Базарова.

Емхананың іші де заманауи құралмен жабдықталғаны көзге көрініп тұр. Бұдан Қосшыңырау ауылдық округінде сапалы дәрігерлік көмек көрсету мәселесі шешімін тапқаны айқын аңғарылады.

Мәдениет мәйегі

Абай ауылындағы мәдениет үйі тұрғындардың рухани ләззат алып, жан дүниесін азықтандыратын мекені саналады. Сондықтан руханият ошағына ат басын бұруды да жөн көрдік.

Ә. дегеннен-ақ, мәдениет үйінің әдіскері Әйгерім Исабаева ұжымның жұмыс барысын баяндады. Ойынды айтпай түсініп, тыныс-тіршілігімен таныстырып жатыр. Тияқты үлгідегі нысанның іргесі 1987 жылы қаланыпты. Еліміз тәуелсіздік алған жылы ел игілігіне берілген. Содан бері ауылдың мерейлі мерекесі, көңілді кеші осында аталып өтеді. Бар-жоғы 5 бөлмеден тұратын екі қабатты шағын ғимарат мәдени өмірдің мәйегіне айналғалы да ширек ғасырдан аса уақыт өткен. Содан бері мұндағы түрлі рухани кешке, кездесу мен жиынға, мереке, думанға асыққан халықтың легі толастамаған.

Ауылда әсем ән мен тәтті күйді әуелетіп, жұртшылықтың ата-баба дәстүрі, әдет-ғұрпымен сусындауына мәдениет ошағындағы қызметкерлердің үлесі зор. Кез келген мәдени іс-шараның өз деңгейінде өтуіне жұмыла атсалысады. Маманның айтуынша, ауыл жұртшылығы өнер. Сегіз қырлы, бір сырлы жан көп. Әсіресе жас жеткіншектердің өнерге деген ықыласы ерекше. Сол себепті оларды өнерге баулу, бос уақытын тиімді пайдалану үшін арнайы ән айту, домбыра тарту, көркемөз үйірмесі ашылған. Сабақтан тыс уақытта оқушылар осында келіп, қарым-қабілетін жетілдіреді. Қазіргі таңда мәдениет үйі тек мерекелік іс-шарада ғана есігі ашылатын нысан емес. Қысы-жазы тұрғындардың басын қосып, мәдени шара өткізіледі.

Хакім Абай көшесі

Ауылдық округтің орталығы болған Абай ауылында А.Құнанбаев атындағы көше бар. Бір қуанарлығы, бұл аумақтың ахуалы жақсы екен. Көшеге 2012-2013 жылдар аралығында жөндеу жұмыстары жүргізілген. Содан бері тұрғындар асфальтталған көшенің игілігін көруде. Түнгі жарық мәселесі де оң шешілді. Ауылдағы мектепке апаратын негізгі жол теп-тегіс, түнде жап-жарық. Сол арқылы тұрғындардан бөлек, ұстаздар мен оқушыларға да жағдай жасалған. Хакім Абай атындағы көшенің талапқа сай болуына жергілікті тұрғындардың да үлесі бар.

Жайсаңдар туған текті жер

Әдетте қай ауылға барсақ та бұл жерден қандай текті ұрпақ өсіп-өнгенін білуге, оны көпшілікке жария етуге құлшынып тұрамыз. Себебі кейінгі толқын өткен тарихты біліп, туған жерін тұмарлаған текті жандарды танысын деген ниетіміз бар. Сол үшін өткен тарихты тірліту бүгінгі ұрпаққа парыз саналмақ.

Абай атындағы ауылды сөз еткенде ондағы еңбек адамын атамай өту мүмкін емес. Егін шаруашылығында жоғарғы көрсеткішке жеткен дикандар, механизаторлар баршылық. Олардың қатарында 10000 центнер астық бастырып екі мәрте одақтық көрменің жеңіл көлігін жеңіп алған Әлібай Ысқақовты ерекше атауға болады. Темірбек Әбуов, Төрехан Төлегенов, Айдар Омаров, Қарымсақ Батырбеков, Якуда Ысқақов, Бақытбек Шайкелмелов, Жайман Пірмағамбетов, Қабылда Бимекенов секілді механизаторлар ел ырысына үлес қосқан азаматтар. Осы ауылдан түлеп ұшқан облыстық дәрежедегі қайраткер Жүсіп Бисариев, Еңбек Ері Оразбай Әбішев, министрлер Мүсілім Базарбаев, Ибрагим Еділбаев, ғалымдар Ә.Жаманқұлов, Тотай Тұрлығұлов, белгілі дикан, ауыл шаруашылығының білікті қайраткері Досан Елеусіновтерді өмірге әкелген қасиетті мекен.

Абай ауылының киелі топырағы қабырғалы қаламгер, аркалы ақын, дарынды драматург, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Иранбек Оразбаева, белгілі ақын-композитор, ардагер-ұстаз Ділдахан Торғаеваға өмір сыйлаған кастерлі ауыл. Қала орталығынан бірнеше шақырым алыс жатқан ауыл осындағы текті жандарға алтын бесік болғанын біреу білсе, біреу білмейді.

Өткенге оралып сабақ алмай, болашаққа бағдар жасау ұрпақ сабақтастығын бағаламауға алып келеді. Сондықтан бүгін рухани алтын сандықтың көмбесін ашып, оқырманға ауылдың өткен шағынан дерек беріп, қазіргі келбетіне саяхат жасалық. Ғасыр бедеріндегі жылдарда ешкірлей тарихқа куә болған ауыл өркендеп, өсе берсін! Себебі ауыл – ел бесігі, өркеніет өлшемі, жылдар жемісі екенін ұмытпауымыз керек.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА



«Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы ауыл халқы үшін тиімділігін көрсетуде. Осы бағдарлама аясында Досан ауылындағы №1 көшеге жарық бағандарын орнату үшін қаржы бөлінген.

Осы елді мекендегі көшелерді орташа жөндеуге облыстық бюджеттен қаржы қаралып отыр. Ал қалалық бюджеттен Абай ауылындағы саябақтың ағымдағы жөндеу жұмысына 5 млн теңге көлемінде қаржы бөлінсе, ауылдағы жолды жөндеу мақсатындағы жобаның сметалық құжатын дайындауға қомақты қаржы қаралған.

Ауыл әкімі Сейдуәлі Әбдіқадыровтың айтуынша, Абай ауылындағы сиыр фермасы жер телімінің жол құрылысына, ауыз сумен қамту жұмысына жоба сметалық құжатының сараптамасы дайындалған.

– Досан ауылындағы көшелерге жарық бағанын орнату үшін, Абай ауылына балалар ойын алаңын салу үшін жоба сметалық құжаты дайындалып, сараптама қорытындысы әзірленген. «Дарбас», «Аргын» бейіттерін қоршау жұмысының жоба-сметалық құжаты дайындалған. Абай ауылындағы Махамбетов пен Шоқатай көшесіне және Досан ауылындағы Д.Елеусінов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін, Абай ауылына кіреберіс жол мен Досан елді мекеніндегі бірнеше көшеге жарық бағанын орнату үшін жоба-сметалық құжаты әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы сұратылуда. Абай ауылындағы сиыр фермасы жер теліміне ауысу құбырын жүргізу жобасы жүзеге аспақ. Бұл жобаның құны 81,1 млн теңгені құрайды. Аталған жобаларға қалалық құрылыс бөлімі арқылы облыстық энергетикалық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған, – дейді ауыл әкімі.

– Досан ауылындағы көшелерге жарық бағанын орнату үшін, Абай ауылына балалар ойын алаңын салу үшін жоба сметалық құжаты дайындалып, сараптама қорытындысы әзірленген. «Дарбас», «Аргын» бейіттерін қоршау жұмысының жоба-сметалық құжаты дайындалған. Абай ауылындағы Махамбетов пен Шоқатай көшесіне және Досан ауылындағы Д.Елеусінов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін, Абай ауылына кіреберіс жол мен Досан елді мекеніндегі бірнеше көшеге жарық бағанын орнату үшін жоба-сметалық құжаты әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы сұратылуда. Абай ауылындағы сиыр фермасы жер теліміне ауысу құбырын жүргізу жобасы жүзеге аспақ. Бұл жобаның құны 81,1 млн теңгені құрайды. Аталған жобаларға қалалық құрылыс бөлімі арқылы облыстық энергетикалық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған, – дейді ауыл әкімі.

– Досан ауылындағы көшелерге жарық бағанын орнату үшін, Абай ауылына балалар ойын алаңын салу үшін жоба сметалық құжаты дайындалып, сараптама қорытындысы әзірленген. «Дарбас», «Аргын» бейіттерін қоршау жұмысының жоба-сметалық құжаты дайындалған. Абай ауылындағы Махамбетов пен Шоқатай көшесіне және Досан ауылындағы Д.Елеусінов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін, Абай ауылына кіреберіс жол мен Досан елді мекеніндегі бірнеше көшеге жарық бағанын орнату үшін жоба-сметалық құжаты әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы сұратылуда. Абай ауылындағы сиыр фермасы жер теліміне ауысу құбырын жүргізу жобасы жүзеге аспақ. Бұл жобаның құны 81,1 млн теңгені құрайды. Аталған жобаларға қалалық құрылыс бөлімі арқылы облыстық энергетикалық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған, – дейді ауыл әкімі.

– Досан ауылындағы көшелерге жарық бағанын орнату үшін, Абай ауылына балалар ойын алаңын салу үшін жоба сметалық құжаты дайындалып, сараптама қорытындысы әзірленген. «Дарбас», «Аргын» бейіттерін қоршау жұмысының жоба-сметалық құжаты дайындалған. Абай ауылындағы Махамбетов пен Шоқатай көшесіне және Досан ауылындағы Д.Елеусінов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін, Абай ауылына кіреберіс жол мен Досан елді мекеніндегі бірнеше көшеге жарық бағанын орнату үшін жоба-сметалық құжаты әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы сұратылуда. Абай ауылындағы сиыр фермасы жер теліміне ауысу құбырын жүргізу жобасы жүзеге аспақ. Бұл жобаның құны 81,1 млн теңгені құрайды. Аталған жобаларға қалалық құрылыс бөлімі арқылы облыстық энергетикалық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған, – дейді ауыл әкімі.

– Досан ауылындағы көшелерге жарық бағанын орнату үшін, Абай ауылына балалар ойын алаңын салу үшін жоба сметалық құжаты дайындалып, сараптама қорытындысы әзірленген. «Дарбас», «Аргын» бейіттерін қоршау жұмысының жоба-сметалық құжаты дайындалған. Абай ауылындағы Махамбетов пен Шоқатай көшесіне және Досан ауылындағы Д.Елеусінов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін, Абай ауылына кіреберіс жол мен Досан елді мекеніндегі бірнеше көшеге жарық бағанын орнату үшін жоба-сметалық құжаты әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы сұратылуда. Абай ауылындағы сиыр фермасы жер теліміне ауысу құбырын жүргізу жобасы жүзеге аспақ. Бұл жобаның құны 81,1 млн теңгені құрайды. Аталған жобаларға қалалық құрылыс бөлімі арқылы облыстық энергетикалық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған, – дейді ауыл әкімі.

– Досан ауылындағы көшелерге жарық бағанын орнату үшін, Абай ауылына балалар ойын алаңын салу үшін жоба сметалық құжаты дайындалып, сараптама қорытындысы әзірленген. «Дарбас», «Аргын» бейіттерін қоршау жұмысының жоба-сметалық құжаты дайындалған. Абай ауылындағы Махамбетов пен Шоқатай көшесіне және Досан ауылындағы Д.Елеусінов көшесіне жаяу жүргіншілер жолын салу үшін, Абай ауылына кіреберіс жол мен Досан елді мекеніндегі бірнеше көшеге жарық бағанын орнату үшін жоба-сметалық құжаты әзірленіп, республикалық бюджеттен қаржы сұратылуда. Абай ауылындағы сиыр фермасы жер теліміне ауысу құбырын жүргізу жобасы жүзеге аспақ. Бұл жобаның құны 81,1 млн теңгені құрайды. Аталған жобаларға қалалық құрылыс бөлімі арқылы облыстық энергетикалық басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылған, – дейді ауыл әкімі.

Басы 1-бетте

Баянды бағдарлама игілігі

«Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы ауыл халқы үшін тиімділігін көрсетуде. Осы бағдарлама аясында Досан ауылындағы №1 көшеге жарық бағандарын орнату үшін қаржы бөлінген. Осы елді мекендегі көшелерді орташа жөндеуге облыстық бюджеттен қаржы қаралып отыр. Ал қалалық бюджеттен Абай ауылындағы саябақтың ағымдағы жөндеу жұмысына 5 млн теңге көлемінде қаржы бөлінсе, ауылдағы жолды жөндеу мақсатындағы жобаның сметалық құжатын дайындауға қомақты қаржы қаралған.

Келіні жақсының лауреаты керегесі алтын

Осы ауылдағы Надежда Лукьянова есімді келіншек – көпбаланың анасы. Надежда 11 баланы дүниеге әкелген. Ол ауылдағы алтын құрсақты 15 баланың анасы марқұм Нағима Аймағанбетованың немере келіні екен. Кезінде Нағима анамыз ырымдап, Надежданың аузына түкірген көрінеді. Таңқаларлығы, орыс қызы қазақ жігітіне тұрмысқа шығып, ұлттық салт-дәстүрді берік сақтаған. Ол 11 баланы бағып-қағуда ешқандай қиындыққа мойынсұнбайтынын айтады. Отбасының ұйытқысы болу, ерін сыйлау, кішіпейілділік сияқты ізгі қасиет қара шаңырақтан алған тәлімі.

– Менің мақтаным – құдай қосқан қосағыммен балалардың қызығын бірге көру, – дейді бізбен әңгімесінде жас ана.

көргендер саны 30 пайызға жоғарылаған. Бұл дегеніңіз заманға қарай бейімделген ауылдықтардың да кәсіпкерлікке бет бұрғанының көрінісі.

Бастапқыда Арқаның төсіне жаңа шаһар салу идеясын құптамағандар уақыт өте шешімнің ұтымды тұсын аңғара бастады. Оған экономикалық, мәдени жетістіктер түрткі болса керек. Тіпті Астана қаласы 1999 жылы ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын да алды. Бүгінде Елорда ғаламдық маңызға ие самиттер мен басқосулар өтетін, дінбасылар мен саясаткерлер жиналатын бейбітшілік мекеніне айналды. Мұның барлығы келешек Қазақстанның келбетін айқындай анық.

Жалпы елорданың Астан қаласына көшуі кездейсоқ шешім емес екені анық. Бұл Алаш зиялыларының асыл арманының ізі-тұғын. Мәселен, Әлихан Бөкейханұлы «Григорий Николаевич Потанин» атты мақаласындағы: «Қазақты автономия қылсақ, Қараөткел – Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұл-қызын оқытсақ, «Қозы Көрпеш – Баянды» шығарған Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін Еуропа сонда білер еді-ау» деген арманы бүгінде шындыққа айналды. Еуразия континентінің кіндігіне орналасқан қала өзіндік қайталанбас бет-бейнесін қалыптасып, әлемдік деңгейде бел жинауға ұмтылды. 2010 жылғы ЕҚЫҰ саммиті «Астана лебі» деген терминді қалыптастырып, қазақтың жас астанасының амбициясын айғиді. Қазір Астана жыл сайын халықаралық деңгейдегі жиындар мен басқосулар өтетін орынға айналды.

Басы 1-бетте



Жасыратыны жоқ, соңғы 5 жылда қала атауы түрліше құбылды. Бұған саяси ұстаным, мемлекеттік ахуал себеп болғанын жоққа шығара алмаймыз. 2019 жылы наурызда Астана қаласының атауы Нұр-Сұлтан болып өзгерген еді. Кейін халық пікірін ескеріп, Мемлекет басшысы үйреншікті атау – «Астананың» қайта қолданысқа енгізді.

Қаланың қалыптасуы

Елордаға барған адамның алғаш аңғаратын ерекшелігі – қала сәулеті. Қала сәулетін келістіруді де шетелдік мамандар құзырына қалдырып, тәжірибелі мамандарға сенім білдірді. Содан болар, Астана жоспарын даярлауда әлемнің әйгілі сәулетшілерінің бірі Кисе Курокаваның

тұжырымдамасы үздік деп танылды. Курокаваға өзі ұсынған қала құрылысы тұжырымдамасы негізінде Астананы дамытудың 2030 жылға дейінгі Бас жоспарының жобасын әзірлеу ұсынылған еді. Бұл тапсырыс Жапонияның Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі агенттігі (ЖХЯА) мен КР Астананы дамыту корпорациясы арасындағы келісім аясында жапон үкіметінің грантына іске

асырылды. Кисе Курокаваның басшылығындағы жобалық топ ұсынған эскиз-идеяны КР Үкіметі 2001 жылдың 15 тамызында бекітті. Дегенмен сәулетшінің туындысында мін болмағанымен, елорданың қарқынды дамуы Бас жоспарға өзгеріс енгізуді қажет етті. Мысалы, 2010 жылы Астананың халқы 490 мыңға, ал 2030 жылы 800 мыңға жетуі тиіс еді. Бірақ 2003 жылы тұрғындар саны 500 мыңнан асып жығылды. Тіпті 2017 жылдың маусымында Астана миллионер қала мәртебесіне жетті. Осының бәрі демографиялық зерттеулер мен ғылыми негізделген ұзақ мерзімді болжамды қайта құруға әкелді.

Елорданы көріктендіру жұмыстарының барлығы «Астана – жайлы қала» мастер-планы тұжырымдамасы аясында жүргізіліп келеді. Яғни, осы сала бойынша нақты даму картасы бар. Жүйелі жұмыс нәтижесінде қала экологиясы жақсарып, тұрғындардың демалыста уақыт өткізуіне қолайлы орындар көбейді. Қоғаландыру жұмысы қарқын алып, аулалар мен қоғамдық кеңістіктерде тал егілді.

Ару қалаға қонақ ретінде барған жандар қашанда ерекше сезімге өн-бойын жылытып, әсерленіп қайтады. Сарыарқа төсіндегі, ерке Есіл жағасындағы шырайлы шаһарды көріп, сұлулықтың не екенін ұғына түседі. Елорда қай қиырда болмасын, қазақ қоғамы мен өміріне оң өзгеріс әкелуге жол ашты. Әрбір шаһар өзіндік ерекшелік пен болмысты сыйлап, халықтың тұрмыс сапасына да оң әсерін тигізгені бар. Сондықтан астаналар халықтың тағдырына тікелей ықпал етті десек артық емес.

Е.ЯКУДАЕВ

Қамыстан нәпақа тапқан ерлі-зайыпты екеуі де теміржолшы. Біраз жыл теміржол саласында еңбек етіп, кейін уақыт талабына сай кәсіпке бет бұрған олар шетелдіктер сұраныса не қамысты әлемнің бұрыш-бұрышына жеткізу үшін тәуекелге бел буыпты. Жас шаңырақтың иесі қамыс шабу, жинау секілді шаруаны ыңғайласа, отанасы Венера Тайлақбаева шетелдіктермен байланыс жасау, келісімшарт жасасу секілді іс-қағазға мығым. Өзі ағылшын тілін жетік біледі екен. Ол баланың анасы. Балаларды жеткізу үшін ерінбей еңбек етіп, жақсы табыс табуды мақсат еткен отбасының кәсіпкерлік саласындағы ісі алға жүре бастады. Өлеңкіде жеткізу, келісу секілді жұмыстарда қиындықтар болғанмен, бұл да бір ізге түсіп қалыпты. Бір атап айтарлығы, маусымдық жұмысқа бір мезгілде 350-400 адам жұмысқа тартылады. Ауыл тұрғындары қамысты орып, әр бауын 350 тенгеден өткізеді екен.

– Қамыс ору маусымында 350-400 адамды жұмысқа қабылдаймыз. Олардың міндеті – қамыс орып, буып өткізу. Қанша қамыс ораса, сонша ақшасын алады. Бір қамысты 350 тенгеден қабылдаймыз. Қамысты орудың, баулаудың өз талаптары бар. Негізі қамысты қыста, аязды күндері шабады. Сол кезде қамыс қатты болып тұрады. Оны құрғақ жерге сақтаймыз. Баулаудың да өз тәртібі бар. Сынған, бүлінгені қабылданбайды, тазалап барып баулау қажет. Дайын қамысты сыртқа жіберу үшін арнайы жүк көліктерін жалдаймыз. Қамыстың біздің жақта қадірі болмағандықтан, шетелдіктер сұранысына ие. Қазір Германия, Нидерланды, Дания, Франция, Польша, Беларусь елдерімен келісім жасадық», – дейді Венера Тайлақбаева.

Біздің қадірі жоқ қамыстың шетелдіктер үшін қажет болғаны сонша, қамыс бағасы алтынмен пара-пар екен. Демек, кәдеге жарата білсең, қамыс дегеннің алтыннан да қадірілі.

Кәсіпкерлер сыртқа жылпына 1000 тоннадай қамыс өткізеді екен. Алдағы уақытта қамысты өз жерімізде кәдеге жарату жоспары да бар.

– Алдағы уақытта қамыстан көмір өндірсек дейміз. Ол үшін арнайы құрал-жабдықтар сатып алып, шетелдік мамандардың шақырып, тәжірибе алмасамыз. Өзімізде бардың бағасын біліп, кәдеге жарату керек, – дейді көпбалалы ана, жас кәсіпкер.

Күріштен тәтті таяқшалар, жүгері суыны

Қайбір жылдары қармақшылық кәсіпкер күріштен тәтті таяқшалар (кукуруз) жасаған еді. 2020 жылы Қармақшы ауданы Ақай ауылының тұрғыны Талғат Жасанбаев күріштен тәтті таяқшалар жасап, дәмі баланың да, үлкеннің де, кішінің да көңілін шығып, сұранысқа ие болған еді. Алайда өнімнің сыртқы қалтасындағы сурет, яғни шапан киген мысық бейнесі біраз

Басы 1-бетте

КӨРМЕ: өнім өндіруге бет бұрдық



сыңға ұшырап, мысықтың тағамы сияқты әсер еткендіктен, кәсіпкер өз өнімінің қорабын ауыстырып, көрмеге алып келіпті. Бүгінде «Жиеней» жеке кәсіпкерлігін ашып, инновациялық жобалар конкурсына қатысып, грант ұтып алған кәсіпкер күріштен тәтті таяқша шығару жұмысын жалғастыруда. Өнім көпшілік сұранысына ие.

Ал шиелік жеке кәсіпкер Қасым Абжапаров жүгері донінен суын әзірлеп, өнімі жалпы жұртқа танымал болғанына да біраз уақыт болды. «Қаусар» суының сырбайлықтар үшін танымал өнім.

Жиһаз да бар, бесік те бар...

Сыр өңірінің жиһаз өндірісі саласында есімі елге танымал «Диана» жиһаз салонының иесі Жібек Қожахметова бұл көрмеге соны жаңалығымен келіпті. Жиһаз өндіруші компания енді бесік жасау, бесік жабдықтарын тігу жұмысын қолға алды.

– Бесік жасау кез келгеннің қолынан келмейді. Қазір қала бойынша біз ғана бесік жасаймыз. Бұл үшін арнайы құрал-жабдық сатып алдық. Бесік сататындарға көтерме бағамен өткіземіз, одан бөлек, «Элит бесік» дүкенін аштық. Сонымен қатар өзіміздің



шағын тігін цехымыз бар. Мұнда бесік жабдықтарын тігеміз, – дейді кәсіпкер.

Бір сөзбен айтқанда, кәсіпкерлік саласындағы нәзік жан бір емес, үш кәсіп көзін үйлестіріп отыр. Бұл да кәсіпкерлердің кәсіпті дамытуға ынтыла екенін байқатады.

Түрлі-түрлі өнім бар...

Көрмеде түрлі өнім бар. Мәселен, «Балтабай» жеке кәсіпкерлігі жылқы, сиыр етінен таза шұжық жасаумен танымал. Дүкендегі самсаған көп шұжықтан сапасы да, бағасы да артық «Балтабай» өнімі көпшілік сұранысына ие.



– Өнімді дүкендерге өткізбеймін. Жылқы, сиыр етінен жасалған шұжық дәмін білетіндер тұрақты тұтынушыға айналады. Дүкенге дейін-ақ тапсырыспен алып кетеді, – дейді кәсіпкер.

Көрмедегі «Qurtella» өнімі де көпшілікке танымал болып қалды. Кәдімгі құртты түрлі-түрлі етіп шығарып жатқан кәсіпкер мұның балалар үшін таптырмас тағам екенін айтады.

Ал жеке кәсіпкер Айгерім Асқарова хош иісті балауыз шамдар жасайды екен. Көрменің бір бұрышында өсімдікке бөлеген жас кәсіпкердің тағамы жоғары өнімдеріне де қызыққандар аз болмады.

Бір ауыл – бір өнім

Биылғы көрменің жаңалығы да осы болды. Биыл Сыр өңірінде «Бір ауыл – бір өнім» жобасы жүзеге асуда. Жоба аясында кәсіпкерлігін дамытқан қыз-келіншектер көрмеге қатысып, өз өнімдерін көпшілікке ұсынды. Айта кетелік, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында 2023 жылдан бастап республика көлемінде «Мен кәсіпкер» жобасы жүзеге асырылуда. Бұл жоба бірнеше саланы қамтиды. Атап айтқанда, «Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы», «Бір ауыл – бір өнім» жобасы

арттыру. Қолда бар жергілікті шикізатты пайдаға асыра отырып, өнім өндіру, елді-мекендерде жұмыс орынын ашып, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру.

– Бұл жобаның ерекшелігі тек қыз-келіншектер ғана қатыса алады. Бүгінгі шараға қатысушылар белсенді. Өнімдерін арнайы сарапшы комиссия қарап шықты. Жөнімпаздар жақында анықталады. Осы анықталған жүлдегерлер жаңашыл бизнес-идеяларға арналған грантка қатыса алады. Ал бірінші орын иегерінің тауарларына арнайы мамандар маркетингтік сүйемелдеу жасайды, – делі кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздықов.

Ауылдағы нәзік жандар үшін бұл жоба кәсіп бастауға бағдарлам болғанын көрме барысында байқалды. Ауылда да кәсіп көзін табуға болатынын түсінген қыз-келіншектер кәсіпке білес сыбана кірісіпті. Соның бірі – «Аral



Organic» жеке кәсіпкерлігінің иесі Арсена Кушжанова. Ол сабын шығаруды қолға алды. Қазір сабын шығару жаңалық па дерсіз. Кәсіпкердің өнімі көп сабына ұқсамайды. Ол түйе, ешкі сүті, жантақ қосылған емдік қасиеті бар сабын шығарады. Бұл сабын түрлі тері ауруларына және терінің құрғауына қарсы емдік қасиеті бар екен. Арсенаның емдік әрі хош иісті сабыны көрмеде-ақ сұранысқа ие болды.

– Кәсіпті бастағаным 6 айдай уақыт болды. Мүмкіндігінше өзімізде бар нәрселерден пайдалы дүние жасағым келді. Сабын түйе, ешкі сүті қосылып жасалады. Сонымен қатар жантақты да пайдаландық. Экологиялық таза өнімнің тері ауруларының алдын алады, – дейді ол.

Ал Шиелі ауданының Ботабай ауылының тұрғыны Феруза да сабын шығарады екен. Кәсіпкер өнімінің бір ерекшелігі, сабынға малдың жілік майы қосылды. Сондықтан да Ферузаның шығарған сабыны иіссіз әрі пайдалы.

Қызылорда қаласының тұрғыны Самал Смаилова «EcoGreen» атауымен пайдалы таңғы ас шығарады. Түрлі

P.S. Биылғы көрме бұрынғыдан өзгереді болды. Сөз басында айтқанымыздай, бұл көрме жергілікті кәсіпкерлердің деңгейі өскенін, уақыт талабына сай бейімделгенін, ең бастысы, өнім өндіруге бет бұрғанын байқатады.

Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Газеттің келесі нөмірі 11 шілде, сейсенбі күні шығады.

Меншік иесі:

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігіБас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВҚызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясыБас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВТелефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әліхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басалады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы Тапсырыс №1043

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА